

Қазақстандағы БЦЖ вакцинасы: туберкулезге қарсы екпе

Кімге және қайда істеу керек



Қазақстан Республикасының [Ұлттық вакцинациялау күнтізбесіне](#) сәйкес, **БЦЖ вакцинасы балаларға туғаннан кейін 1-4 күні**



2021 жылы БЦЖ вакцинасына 100 жыл толды — бұл дәлелденген вакциналардың бірі.

БЦЖ вакцинасы инфекциядан 100% қорғай алмайды. Алайда оның негізгі рөлі —

5 жасқа дейінгі балаларды қауіпті туберкулез асқынуынан —

кішкентай балаларда үнемі дерлік өліммен аяқталатын туберкулез менингитінен және диссеминирленген туберкулез түрінен қорғау.



Қазақстанда барлық нәрестелерді вакцинациялау туралы шешім қабылданды, өйткені туберкулездің таралуы өте жоғары, ал эпидемиологиялық жағдай қолайсыз, өйткені біздің елімізде антибиотикке төзімді қауіпті штамдар бар.




Қандай вакцина қолданылады

БЦЖ — BCG–Bacillus Calmette, яғни Кальметт-Герен бацилласы дегенді білдіретін шетелдік аббревиатура.

Вакцинаны 1919 жылы француз микробиолог А.Кальмет пен ветеринар дәрігер К.Гуерин жасаған.

БЦЖ — жасанды ортада арнайы өсіріліп, адамдар үшін вируленттілігін жоғалтқан, әлсіреген тірі сиыр туберкулез таяқшасының (*Mycobacterium bovis*) штаммынан дайындалған туберкулезге қарсы вакцина.



Вакцинация үшін Қазақстан Республикасында **ресми тіркелген вакциналар ғана қолданылады.**

Инфекциядан қорғайтын БЦЖ вакцинасы

БЦЖ вакцинасы туберкулездің және оның асқынуларының алдын алу үшін қолданылады.



Туберкулез — бұл көбінесе өкпеге әсер ететін туберкулез микобактериясынан туындаған жұқпалы бактериялық ауру.

Туберкулез адамнан адамға ауа арқылы таралады. Аурудың белсенді респираторлық түрімен ауыратын адамдар жөтелгенде, түшкіргенде немесе қақырық түсіргенде ауаға туберкулез микобактерияларын жаяды. Инфекция үшін адамға мұндай бактериялардың аз ғана мөлшерін жұту жеткілікті.

Туберкулездің негізгі белгілері—
2-3 апта бойы жөтел, кейде қақырық пен қан болады.

Басқа жиі кездесетін белгілер:


- кеуденің ауруы,
- әлсіздік,
- салмақты жоғалту,
- қызба,
- түнде терлеу.



Асқынулар

АИТВ-инфекциясы бар адамдарда туберкулездің белсенді түрі пайда болу ықтималдығы АИТВ жұқтырмаған адамдар арасындағы ұқсас көрсеткіштен **18 есе жоғары**.

Туберкулез әсіресе 5 жасқа дейінгі балалар үшін қауіпті, себебі ауыр асқынулар болады



Вакцинация арқылы туберкулездің асқынуын болдырмауға болады.

Ересектердегі туберкулезге скрининг жүргізудің негізгі әдісі — **жыл сайынғы флюорография мен қақырықтың бактериоскопиясы**.

Организмде микобактерия бар екенін анықтайтын Манту жіне АТР сынамалары балаларда ауруды ерте сатысында анықтауға көмектеседі.

БЦЖ вакцинасына қарсы көрсеткіштер



Сіздің балаңыздың вакцинацияға қарсы көрсетілімдері бар-жоғын дәрігер ғана анықтай алады. Профилактикалық екпелерді жүргізуге медициналық қарсы көрсетілімдердің жалпы тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 қазандағы No ҚР ДСМ-146/2020 бұйрығымен бекітілген..



Жағымсыз әсерлер

Жиі $\geq 1/100$, бірақ $< 1/10$, 1%-дан артық, бірақ 10%-дан кем



Жергілікті лимфа түйіндерінің 1 см-ден артық ұлғаюы.

Сирек $\geq 1/1,000$, бірақ $< 1/100$, 0,1%-дан артық, бірақ 1%-кем



- Қызу және бас ауруы.
- Остит немесе остеомиелитті қоса алғанда, БЦЖ таралған асқынулар бастапқы немесе қайталама иммун тапшылығы бар немесе вакцинацияланған субъектімен байланыста тұратын пациенттерде пайда болады.
- Аллергиялық реакциялар, соның ішінде шок немесе анафилактикалық реакциялар.

Өте сирек $< 1/10,000$, 0,01%-дан кем



- Инъекция орнындағы жедел эритемамен және ауырсынумен реакциялар
- Инъекция орнында ойық жара
- Іріңді лимфаденит, абсцесс түзілуі
- Келоидты тыртықтар

Вакциналар мен олардан қорғайтын аурулар туралы қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз:

egu.kz